

Құбыр көлігі





Құбыр желісі, құбыр тасымалы – көлік құралдарының бірі; сұйық, сусымалы жүктерді, мұнайды, газды құбырмен тасымалдау, сондай-ақ осындай тасымалдауға арналған құралдар, тетіктер, коммуникациялар жиынтығы



- Алғашқы мұнай құбыры Қазақстанның батысында: ұзындығы 154 км Доссор – Ракуша – Каспий мұнай құбыры Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде салынған. 1934 ж. Каспий – Орск мұнай құбыры (830 км) іске қосылды, ал 1966 ж. Өзен–Жетібай –Ақтау бағытында мұнай құбыры (141,5 км) төселді. Дүние жүзіндегі тұңғыш бірегей континентаралық ыстық мұнай құбыры: Өзен – Атырау – Самара арасында салынды (1970), оның ұзындығы 1500 км.

Құбыр желісі көлігін дамыту жөніндегі жекелеген мәселелер

- ▣ Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша мұнай өндіруші компаниялар әзірлеген экспорттық құбыр желісі жүйелерінің жобаларын зерделеу мен дайындаудың тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді
- ▣ "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша):
 - а) Атырау-Самара мұнай желісінің өткізу қабілетін жылына 15 тоннаға дейін арттырудың жобасын әзірлеуді және іске асыруды қамтамасыз етсін;
 - б) Қазақстан Республикасының Үкіметі тапсырмаларының шарттарына сәйкес Каспий арқылы өтетін мұнайгаз желілерінің және онымен қабаттастырылған көлік жүйелерінің ТЭН-ін әзірлеуді жүзеге асырсын;
 - в) Қазақстан-Түркменстан-Иран мұнай құбырының жобасы бойынша қажетті техникалық-экономикалық зерттеу жүргізсін.



- Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен 1997 жылы сәуірде құрылды. Компанияны құрудағы мақсат мұнай тасымалдау, экспорты мен импорты мәселелерінде Қазақстан Республикасының мүдделерін сақтау болды. Қазақстан Республикасының Үкіметі 1997 жылғы 2 сәуірде мемлекет жарғылық қорына 100 пайыз қатысатын «ҚазТрансОйл» мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамын құру туралы №461 қаулы қабылдады



- «ҚазТрансОйл» мұнай тасмалдау, экспорты мен импорты мәселелерінде Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін сақтау, кәсіпорындарды басқару құрылымын оңтайландыру, инвестициялар тарту, барлық магистральді мұнай құбыры үшін бірыңғай тариф саясатын жүргізу жолында мемлекеттік саясатты жүзеге асырушы болып отыр. Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін жаңадан Кеңқияқ – Атырау, Әлібекмола – Кеңқияқ, Солтүстік Бозащы – Қаражанбас, Атасу– Алашаңқай мұнай құбырлары іске қосылды, Атырау – Самара мұнай құбырының, Ақтау кемежайының, бір темір жол қотару және терминалының қуаты кеңейтілді.



- Қазіргі кезде «ҚазТрансОйл» АҚ Республикадағы аса ірі мұнай құбыры жүйесі арқылы шикі мұнайдың жеткізілуін бақылауды және басқаруды жүзеге асырады, оны экспортқа, сондай-ақ Қазақстанның мұнай өңдеуші зауыттарына трасымалдауды қамтамасыз етеді.

Назарларыңызға рахмет!